

Басым дақылдардың тізбесін және субсидиялар нормаларын, сондай-ақ өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № А-10/470 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қазанда № 30075 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2024 жылғы 24 қазандағы № А-10/501 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 24.10.2024 № А-10/501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес басым дақылдардың тізбесі және өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған субсидиялардың нормалары;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі.

2. "Ақмола облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Ақмола облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржикпаев

Ақмола облысы әкімдігінің
2022 жылғы 29 қыркүйектегі
№ А-10/470 қаулысына
1-қосымша

Басым дақылдардың тізбесі және өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған субсидиялар нормалары

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	1 тоннаға арналған субсидиялардың нормалары, теңге
1	Күнбағыс	19750
2	Майлы зығыр	18000
3	Жаздық	6500
4	Максары	15000

Ақмола облысы әкімдігінің
2022 жылғы 29 қыркүйектегі
№ А-10/470 қаулысына
2-қосымша

Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі

№	Субсидиялауға арналған бюджеттік қаражат көлемі, мың теңге	
1	Республикалық бюджет	700 000,0